

Еңбекақы төлеу бөлімінің есепшісі **Лейла Сламбекова** осы қызметке 1990 жылы 30 қаңтарда келіпті. Ілгеріде «Боғатырь» кенішіне қарасты балабақшада жұмыс істеген ол мектепке дейінгі мекеме жабылған соң кәсіпорынға ауысады.

Кәсіпорында 7 мыңға жуық адам еңбек етсе, олардың жалақысын есептеу Лейла Сламбекова жұмыс істейтін бөлімнің міндетіне кіреді. Жолдасы Зарқын да кеніште нәпақасын айырып отыр. №1 өндіру жұмыстары учаскесінде экскаватор машинисі. Отбасындағы тұңғышы Нариман – кәсіпкер. Екінші ұлдары Арғын Сүлеймен Демирел атындағы институтты бітірді. Бүгінде Алматы қаласындағы жеке меншік мектепте бағдарламашы-инженер.

Лейла Сламбекова «Қателеспейтін адам болмайды, бірақ қате жібермеуге тырысамыз» деген принципті ұстанады.

